# Ашутастыда ауылдар бас қосты

**Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Ашутасты ауылының мәдениет үйінде бірнеше көрші ауылдардың басы қосылып, семинар өткізілді.**




Аталмыш іс-шараның мақсаты – төл тарихымызды тереңнен танып, арыстан жүрек хандары бар, жолбарыстай ерлері бар, терезесі өзге жұртпен тең болған Қазақ халқының мәдениеті мен салтын, батыр – бабаларымыздың ерлік істерін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру. Атаулы мерекеге Ашутасты, Көктау, Аңғар, Мирный, Аққошқар ауылдарының көркем өнерпаздары қатысып, тарихымыздан сыр шертетін ұлы мерекемізді ұлықтауға өз үлестерін қосты.

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай ұйымдастырылған семинарға қол өнер бұйымдары және кітап көрмелері ұсынылды. Осы орайда біздің ауылдың мәдениет үйі көркем өнерпаздарымен «Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ – нің Ашутасты ауылдық кітапханасының бірлесе ұйымдастырған көрмесінде, ұлттық ою – өрнекпен өрнектелген шағын киіз үй тігіліп, қазақтың ұлттық киімдерінен бастап қолөнер бұйымдары, ыдыс аяқтары келушілер назарына ұсынылды. «Жігітке жеті өнер де аз » демекші, ауылымыздың тумасы Айдос Есмағамбетовтың қолынан шыққан шебер туындысы - Абылай хан мүсіні де жұртшылық назарынан тыс қалмады. «Қазақ хандығына – 550 жыл» атты кітап көрмесі қойылды. Аталмыш кітап көрмесінде Қазақтардың саяси тұрғыдан бірігуіне, қазақ хандығының құрылуына ең алғаш негіз болған хандар, алғаш хандықтың негізін қалаушы Керей мен Жәнібек, «Мыңжылдық саңлақтары - Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би», Абылай, Әз Тәуке, Қасым, Есім, Жәңгір, Бөкей, Кенесары, Айшуақ, Әбілқайыр, Әбілмәмбет т.б. қазақ тарихындағы ел билеген хандар мен билер жайлы мәліметтер, кітаптар, фото суреттер оқырмандар назарына ұсынылды.

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай ұйымдастырылған семинар «Еркін елдің ертеңі» атты концерттік бағдарламасымен өз жалғасын тапты. Мерекелік концерттің бастауы Арқалық қаласы әкімдігі Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сандуғаш Алматованың құттықтау сөзімен ашылды. Концерт барысында семинарға қатысушы әр ауылдың көркем өнерпаздары елдің рухын көтеретін патриоттық әндерді шырқап, әр ұлттың билерін билеп, тарихтан сыр шертетін хандар мен билердің, көсемдер мен шешендердің сөздерін жеткізетін көріністер қойылды.

Мәдениет үйінің музыкалық жетекшісі Сағдат Қырқанов, ауылымыздың тұрғыны әнші Тұрсынбек Мұтұлсім, А.С.Макаренко орта мектебінің оқушысы, облыстық, республикалық ән байқауларының жүлдегері, жас әнші Бекзат Тыпым және Гүлжаухар Әлжан сынды әнші ұл –қыздарымыз әнмен шашу шашса, Әсем Мұратқызының жетекшілігімен «Әсем - ай» би тобының қыздары мың бұрала билерін орындап, кештің көркін қыздырды.

Біздің барша жетістіктерімізідің бастауы - бірлік. Бірлігімізді тұмардай сақтай білсек, еліміз үшін алынбайтын белестер жоқ. «Ел бірлігі – ең асыл қасиет. Бірлік, ынтымақ, сабырлылық пен парасаттылық, ең алдымен өзімізге – қазақтарға керек» деп көрегенділікпен Елбасымыз айтқандай, біз сияқты көп ұлтты мемлекеттің даму болашағының бір көзі – Қазақстан халқының бірлігі.

**Гүлдана ТОҚАЕВА,**
**«Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ Ашутасты ауылының кітапханашысы**